

МЕЛИОРАЦИЯ ПОЧВ

ӘОЖ 631

КҮҢГІРТ ҚАРА ҚОНЫР ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ САҚТАУ ҮШИН БИОКӨМІРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Қозыбаева Ф.Е., Ажикина Н.Ж., Абдрешевә М.Б., Тоқтар М.

¹Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институты, Алматы, Әль-Фараби даңғылы, 75 в, farida_kozybaeva@mail.ru

Іле Алатауының етегіндегі топырақтың беткі құнарлы қабаттары жыртылып, топырақтың астынғы қабаттарымен немесе төменгі көмілген қабаттарымен араласып кетеді. Зерттеулер экологиялық таза көкөніс дақылдарымен үлкен мегаполис Алматыны қамтамасыз ету үшін топырақтың физикалық, су-физикалық, химиялық, жақсартуды көздейді. Ең алғаш әр түрлі суару жағдайында көкөніс ауыспалы егістігі жағдайында топырақтың қасиеттерін жақсартуға және оның өнімділігін арттыруға әсер етуі мақсатында биокөмір қолданылады. Тәжірибе нұсқалары тамшылатып, атыздық және спринклерлік суару жағдайында бақылау, биокөмір енгізілген нұсқалардан тұрады. Зерттеу нәтижелерінің көрсетуі бойынша биокөмір топырақ ылғалын сақтайды, тәжірибе нұсқаларының бәрінде (бақылау, биокөмір) көкөніс дақылдарының өсуі мен дамуының бақылау нұсқасымен салыстырғанда өзгешелігі шамалы.

КІРІСПЕ

Іле Алатауының етегіндегі топырақтар суармалы егістікте пайдаланылады, осыған орай жоспарлама жұмыстары жүргізіледі. Топырақтың беткі құнарлы қабаттары жыртылып, топырақтың астынғы қабаттарымен немесе төменгі көмілген қабаттарымен араласып кетеді. Зерттеулер экологиялық таза көкөніс дақылдарымен үлкен мегаполис Алматыны қамтамасыз ету үшін топырақтың физикалық, су-физикалық, химиялық, жақсартуды көздейді.

Іле Алатауының етегіндегі күңгірт қара қоныр топырақтардың құрылымдылығы төмен, құрылымдық агрегаттары суға тәзімсіз, және суарған кезде тез бұзылады. Сондықтан осы жерлерде топырақ құнарлышының төмендеуіне әкеледі

Топырақ құрылымы топырақтың маңызды физикалық қасиеті болып табылады, топырақтың су, жылу, тұз, қорек режимдері топырақ құрылымына байланысты. Топырақ құнарлышының физикалық жолмен арттыру оның құрылымы мен қалыптасуына әсер ету арқылы жүзеге асырылады.

Кесекті-түйіршікті, агрегаттары суға

тәзімді, алғашқы механикалық элементарлық бөлшектерден тұратын бөлшектер топырақтың агрономиялық және мелиоративтік құнды құрылымдық агрегаттары болып табылады. Диаметрі 1-5-10 мм бөлшектер В.Р. Вильямс [1], Н.И. Саввинов [2] бойынша ең құнды құрылымдық бөлшектер болып табылады. Кесекті-түйіршікті құрылым топырақта су өткізгіштіктің қалыптасуын қамтамасыз етеді, суға тәзімді құрылым топырақта судың капиллярлық жылжу биіктігі мен жылдамдығын бәсендедеді және топырақ бетінен ылғалдың булануын азайтады. В.Р. Вильямс [1], М.Г. Чижевский [3] және басқалардың зерттеулері бойынша топырақтың кесекті-түйіршікті құрылымы топырақта су мен ауа арасында оңтайлы ара қатынасты жасайды, топырақтың ауа өткізгіштігін арттырады. Суға тәзімді құрылым егістік жерлерді шайылу мен жел үшірудан қорғау құралы болып табылады.

Құрылым тузілу тамыр жүйесі мен микроағзалардың кешенді әсер етуі кезінде, сондай-ақ әр түрлі полимерлер мен мелиоранттардың әсерінен болатыны белгілі. Мелиорант ретінде 400°С пиролиз кезінде күріш қабықшасынан

(жергілікті бай және арзан материал) алынған карбондалған биокөмір қолданылды. Биокөмір тек құрылым түзіп қана қоймайды, сондай-ақ топырақтың физикалық-химиялық, химиялық және агрехимиялық қасиеттерін де жақсартады. Биокөмірдің топырақта ыдырауы өсімдік қалдықтары немесе топырақтың органикалық заттарымен салыстырғанда баяу болады [4] және сондықтан топырақта көміртегі сақталады, экологиялық жағынан алғанда биокөмірдің баға жетпес мәнінің өзі атмосферадағы көміртегінің мөлшерін азайтады.

Шетелдік авторлардың жұмыстарында биокөмірдің топырақ жағдайын жақсартатын қасиеті кең түрде зерттелген, әсіресе, биокөмір топырақ құрылымын жақсартып, топырақтың табиги құнарлылығын арттырады [5].

Топырақтың қасиеттері мен оның құнарлылығына биологиялық көмірдің тиімділігін зерттеу. Жұмыстың ғылыми жаңалығы сол, ең алғаш биокөмір әр түрлі суару жағдайында көкөніс ауыспалы егістігінде топырақтың қасиеттерін жақсартуға және оның өнімділігін арттыруға әсер етуі мақсатында биокөмір қолданылады.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРИ

Казақ көкөніс және картоп шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының эксперименталдық алаңдарында 400 градустық пиролиз кезінде күріш қабығынан алынған биокөмірді енгізе отырып, тәжірибе алаңдары салынды. Биокөмір орамжапырақ және картоп егістігіне енгізілді.

Зерттеу кезінде топырақтану және агрехимияда жалпыға ортақ қабылданған әдістер, зертханалық-аналитикалық және тәжірибелік-далалық әдістер қолданылды.

Тәжірибе нұсқалары тамшылатып, атыздық және спринклерлік суару жағда-

йында бақылау, биокөмір енгізілген нұсқалардың тұрады. Әр тәжірибе телімінің ауданы $2,8 \times 10 = 28 \text{ м}^2$

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Іле Алатау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтар 60-70 жыл бойы суару жағдайында ауыл шаруашылығы айналымында қарқынды пайдаланылып келеді. Картоп және көкөніс шаруашылығы институтының тәжірибе алаңшаларында топырақтану және агрехимия институты әр түрлі экологиялық жағдайларда (тың жерлерде, көкөніс ауыспалы егістігінде және суарылмайтын жерлерде) кешенді әкожүйелік зерттеулер жүргізді. Суару эрозиясы үрдістерін зерттеу бойынша ғылыми жобалар да орындалуда. Фалымдардың алдыңғы зерттеулерінде суармалы егістікке тау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтарды пайдалануға болмайтындығы көрсетілген. Солай бола тұрса да тау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтар егістікке қарқынды пайдаланылуда. Осы топырақтарды зерттеген кезде суару жағдайында эрозия үрдістерінің байқалатыны анықталды. Шетелдік фалымдардың деректері бойынша топырақ құнарлылығын сақтауда және органикалық көміртегінің мөлшерін арттыруда потенциялы жоғары және құрылымтүзуші ретінде биокөмірді пайдалану эрозияға қарсы шаралардың бірі болып табылады. Биокөмірді топырақтың бетіне шашып, содан кейін 27 см тереңдікке ол жер айдалды. Тәжірибелі қояр алдында барлық жер телімдерінен топырақ ылғалдылығы анықталды.


Жер телімінің 4 нүктесінен алынған топырақ үлгілерінен ылғалдықты анықтау нәтижелері мынаны көрсетті: 0-27 см топырақ қабатында топырақтың көлемдік салмағы бастапқы жағдайында $1,21-1,26 \text{ г}/\text{cm}^3$ шектерде ауытқиды. Жыртылған қабаттың астында топырақтың

көлемдік салмағы 1,22-1,35 г/см³ құрайды. Тәменгі қабатта топырақ тығыздалған.

Топырақтың жоғарғы қабатында далалық ылғалдылық 19,1-21,0 %, ал тәменгі қабатында жоғарғы қабатына қарағанда топырақтың далалық ылғалдылығы жоғары 20,1-25,1 %-ды құрайды.

Топырақтың гранулометриялық құрамы топырақ түзілу үрдісіне де, топырақты ауыл шаруашылығына пайдалануда да үлкен әсер етеді. Топырақтағы органикалық және минералдық қосылыстардың өзгеруі, ауысуы және жинақталуымен байланысты көптеген топырақ түзілу үрдістерінің қарқындылығы елеулі дәрежеде топырақтың гранулометриялық құрамына байланысты. Топырақ түзілу үрдісінде гранулометриялық құрамы өзг-

ереді. Топырақ кескінінің жоғарғы қабаттарында балшықты минералдар мен гумустың жинақталуы нәтижесінде ылайлы бөлшектер көбейеді; лессиваж және басқа үрдістерде ылай немесе оның ыдырау өнімдері жоғарғы қабаттан тәменгі қабаттарға өтеді. Гранулометриялық құрамы бойынша және әсіресе, ылай фракцияларының мөлшері бойынша топырақ түзілу үрдісінің динамикасы және ерекшеліктері туралы айтуға болады. Зерттелетін лесс тәрізді құмбалшықтарда дамыған тау етегіндегі тәжірибе телімінің күнгірт қара қоңыр топырақтары Качинскийдің [6] жіктемесі бойынша орташа және ауыр құмбалшықты болып табылады (1-сурет).



1-сурет - Зерттелетін топырақтардың гранулометриялық құрамы

Көкөніс дақылдарының өсіп-өнуіне жасалған фенологиялық бақылаулардың көрсетуі бойынша орамжапырақ екпесі жақсы өсіп, оларда қаудан қалыптаса бастады. Картоп жақсы өскін берді және гүлдеу кезеңі өз уақытында өтті.

Тамшылатын суару жағдайында және биокөмірді енгізген кезде орамжапырақтың дамуы бақылау нұсқасына қарағанда және атыздық суаруға қарағанда жапырақтарының параметрлерімен, олардың

мөлшерімен және қауданың қалыптасу сапасымен өзгешеленеді. Картоп өсірілетін нұсқаға биокемірді енгізген кезде өсімдіктің бойының біектігі бойынша өзгешеленеді.


Тамшылатып суару жүйесінің көмегімен топырақ ылғалдылығын оңтайтын шекте үстaugа болады, бұл өсімдіктің бүкіл өсу кезеңінде, оның тамырының қарқынды дем алуын қамтамасыз етеді. Тамшылатып суару жағдайында ауыл шаруашылығы дақылдарының өсіп-өнуі кезінде орамжапырақтың бақылау нұсқасында жыртылған қабаттағы (0-27 см) топырақтың орташа ылғалдылығы 14,82-17,66 %, биокемір енгізілген нұсқада орташа алғанда 15,85-30,1 %-ды құрайды. Бақылау нұсқасында көлемдік салмақ - 1,07-1,26 г/см³, биокемір енгізілген нұсқада 1,07-1,32 г/см³ құрайды.

Спринклерлер тамшылатып суарудан өзгеше топырақтың беткі жағындағы ылғалдылықты арттырады және топы-

рақ температурасын төмендетеді. Спринклерлік суару жағдайында далалық ылғалдылық биокемір нұсқасымен салыстырғанда 18,60-21,42 % бақылау нұсқасында 13,83-21,36 % төменірек. Топырақтың көлемдік салмағы биокемір енгізілген нұсқамен салыстырғанда төмен.

Атыздық суару жағдайында бақылау нұсқасында далалық ылғалдылық 9,08-11,55 %, биокемір енгізілген нұсқада 11,85-14,27 % -ды құрайды, яғни биокемір енгізілген нұсқада ылғалдылық жоғары. Атыздық суару жағдайында бақылау нұсқасында да, биокемір енгізілген нұсқада да топырақтың көлемдік салмағы 1,02-1,1 г/см³.

Топырақ құнарлылығының қалыптасында мөлшері, қоры және құрамы топырақтың көптеген агрономиялық қасиеттерін және топырақ өнімділігін айқындастын гумустың рөлі зор екенідігі белгілі [7].



2-сурет - Зерттеу нысанындағы гумустың мөлшері, %

Топырақтағы гумустың бастапқы мөлшері (0-20 см қабатта) суарғанға дейін 2-2,5 %-ды құрайды (2-сурет). Тамшылатып суаруда биокөмірді енгізу гумус мөлшеріне онша әсерін тигізбеді. Топырақтағы гумустың мөлшеріне биокөмірдің әсері туралы айту ертерек, себебі көптеген зерттеушілердің пікірінше биокөмірдің топырақта ыдырауы өсімдік қалдықтары немесе топырақтың органикалық заттарымен салыстырғанда баяу болады [4]. Гумустың мөлшеріндегі елеулі өзгешелік атыздық суаруда байқалады: бақылау нұсқасында гумустың мөлшері 2,52 % болса, биокөмір енгізілген нұсқада 2,97 %-ды құрайды. Атыздық суаруда гумус мөлшерінің артурын суарған кезде су ағынымен органикалық затқа бай ылай фракцияларының тасымалдануымен түсіндіруге болады. Тамшылатып суару кезінде бастапқы мөлшерімен салыстырғанда бақылау және биокөмір енгізілген нұсқаларда гумустың мөлшерінің төмендеуі байқалады.

Тәжірибе алаңшаларынан алынған бастапқы топырақ ұлгілерінде сіңірілген негіздердің жиынтығы жыртылатын (0-20 см) қабатта 16,35, ал оның астындағы (20-40 см) қабатта 16,11 мг/экв құрайды. Тау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтар ушін бұл көрсеткіш 20-дан көп. Бастапқы топырақ ұлгілеріндегі гумустың мөлшерін ескере отырып, тәжірибе телімінің топырақтарының құнарлылығы төмендегені туралы айтуға болады, сондықтан да сіңірілген негіздердің жиынтығы аз. Топырақ құнарлылығын айқындастырын көптеген қасиеттер мен топырақ түзілу үрдістерінің маңызды ерекшеліктері топырақтың сіңіргіштік

қабілеттілігімен тығыз байланысты. Көп мөлшерде суды ұстап тұратын коллоидтар гидрофильді коллоидтар деп аталады. Оларға Na^+ , K^+ , Ca^{2+} , Mg^{2+} катиондарына қаныққан коллоидтар жатады. Зерттеу нысанының топырақтары Ca^{2+} , Mg^{2+} катиондарына қаныққан. Жыртылған (0-20 см) қабатта сіңірілген кальций үлесі 86,36-86,68 %, оның астындағы (20-40 см) қабатта 85,89-86,95 %. Осындаң заңдылық сіңірілген магнийдің мөлшерінде де байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Күңгірт қара қоңыр топырақтарға биокөмірді енгізу суарудың әр түрлі жағдайларында барлық дақылдар бойынша (орамжапырақ, картоп) топырақта ылғалды сақтайды.

2. Орамжапырақ нұсқалары бойынша топырақтың көлемдік салмағында айтарлықтай өзгешелік жоқ. Картоп егілген топырақтардың көлемдік салмақтары жоғары шамалармен өзгешеленеді. Мүмкін, бұл спринклерлік суарумен байланысты болуы мүмкін, яғни тамшылар жерге соғыла отырып, топырақ бөлшектерін бұзады және ұсақтайты, олар топырақ құыстарын толтырып, топырақты тығыздайды. Картопты вегетация кезеңінде агротехникалық өндіреу (түптеу) де топырақтың тығыздығын арттырады.

3. Фенологиялық бақылау деректерінің көрсетуі бойынша тәжірибелің барлық нұсқаларында (бақылау, биокөмір) көкөніс дақылдарының есүі мен дамуында айтарлықтай өзгешелік байқалмайды.

4. Биокөмірді топыраққа енгізу орамжапырақ пен картоптың өнімін арттыруды, дегенмен бұл әрі қарай зерттеуді талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вильямс В.Р. Прочность и связность структуры почв. Собрание сочинений. Т. 7. 160 с.
2. Савинов Н.И. Структура почвы, ее прочность на целине, перелоге и старопахотных участках. М.: Сельхозгиз. 1931. 45 с.

3. Чижевский М.Г. Актуальные вопросы обработки почвы // Земледелие. 1960. 4. С. 10-20.
4. Kuzyakov Y., Subbotina I., Chen H., Bogomolova I., Xu X., 2009. Black carbon decomposition and incorporation into soil microbial biomass estimated by ^{14}C labeling. Soil // Biology and Biochemistry 41. P. 210-219
5. Lehmann J., Gaunt J., Rondon M. 2006. Bio-char sequestration in terrestrial ecosystems - a review // Mitigation and Adaptation Strategies for Global Change 11. P. 403-427.
6. Качинский Н.А. Структура почвы. М.: 1963. С. 90-99.
7. Кононова М.М. Проблемы почвенного гумуса и современные задачи его изучения. М.: 1951. С. 273-276.

РЕЗЮМЕ

Верхние плодородные горизонты почв предгорий Заилийского Алатау срезаются и оказываются смешанными с подпочвенными горизонтами или глубоко погребенными. Исследования предусматривают улучшение физических, водно-физических, химических, физико-химических, биологических свойств и пищевого режима почвы для обеспечения большого мегаполиса - Алматы экологически чистыми овощными культурами. Впервые используется биоуголь с целью влияния его на улучшение свойств почвы и повышение ее продуктивности в условиях овощного севооборота при различных видах орошения. Варианты опытов состояли из контроля, биоуголя в условиях капельного, спринклерного и бороздкового орошения. Исследования показали, что биоуголь сохраняет почвенную влагу, на всех вариантах опыта (контроль, биоуголь), рост и развитие овощных культур, отличаются незначительно в сравнении с контрольным вариантом.

SUMMARY

The upper fertile soil horizons the foothills of the Zailiysky Alatau are cut back and are mixed with under arable horizons or deeply buried. Research envisage improving the physical, hydro-physical, chemical, physico-chemical, biological properties and food regime of the soil for ensuring of a large metropolis - Almaty ecologically clean vegetable cultures. For the first time is used carbon with a view to the impact of it on the improvement of the properties of the soil and increase its productivity in the conditions of the vegetable crop rotation at the different types of irrigation. Variants of the experiments consisted of control, carbon in the conditions of the drip, sprinkler and furrow irrigation. Studies have shown that carbon preserves soil moisture, on all versions of experience (control, carbon), growth and development of vegetable cultures differ insignificantly in comparison with the control variant.